

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚР БҒМ «М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ» ШЖҚ РМК



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

📍 160012, Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 5
☎ (8-725-2) 21-01-41, факс: (8-725-2) 21-01-41
✉ canselyarya@mail.ru, info@ukgu.kz
f @official.ukgu.kz
© @auezov_university

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ

«БЕКІТЕМІН»

Ректор

тар.ғ.д., академик Қожамақова Д.П.

« 21 » 02



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

7M07510-«Стандарттау және сертификаттау» (салалар бойынша)

Тіркеу номері	7M07500004
Білім беру саласының коды мен жіктелуі	7M07-Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	7M075-Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)
Білім беру бағдарламаларының тобы	M130-Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)
Білім беру бағдарламасының түрі	Ағымдағы білім беру бағдарламасы
ББХСЖ бойынша деңгейі	7
ҰБШ бойынша деңгейі	7
СБШ бойынша деңгейі	7
Оқу тілі	қазақша
Типтік оқу мерзімі	2 жыл
Оқу нысаны	Ғылыми-педагогикалық
Білім беру бағдарламасының еңбек сыйымдылығы, кем емес	120 кредит
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	-
Серіктес-ЖОО (ҚББ)	-
Серіктес-ЖОО (ҚДББ)	-
Әлеуметтік серіктес(ҚББ)	-

Шымкент, 2020ж.

Құрастырушылар:

Т.А.Ә.	қызметі	қолы
Тулесбаева А.К.	т.ғ.к., доценті, кафедра меңгерушісі	
Бекибаев Н.С.	т.ғ.д., профессор	
Асанова А. Р.	магистр, оқытушы	
Нурпеисов А.С.	1 курс магистранты, МНГ-19-3нр тобы	
Базарбек А.Ә.	2 курс магистранты, МНГ-18-3нр тобы	
Бейсеев С.А.	«Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» РМК ШТФ директоры	

Білім беру бағдарламасы «Механика және мұнайгаз ісі» факультетінің Әдістемелік комиссиясында қаралды, «18» 02 2020ж. № 7 хаттама.

ӘК (комитет) төрағасы 02 Досмаканбетова А.А.
қолы

М.Әуезов атындағы ОҚМУ Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды

«26» 02 2020ж. № 7 хаттама.

Университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілді

«28» 02 2020ж. № 10 хаттама.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	5
1	Білім беру бағдарламасының паспорты	7
2	Білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелері	8
3	Білім беру бағдарламасын бітіруші түлектің құзыреттері	9
4	Білім беру бағдарламасының модульдер кескінінде меңгерілген кредиттер көлемімен көрсетілген жиынтық кесте	11
5	Пәндер туралы мәліметтер	12
	Келісім парағы	23
	Қосымша 1. Жұмыс берушінің пікірі	24
	Қосымша 2. Сараптамалық қорытынды	26

Кіріспе

1. Қолдану аясы

ҚР білім және ғылым министрлігінің «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті» ШЖҚ РМК 7М07510-«Стандарттау және сертификаттау» (салалар бойынша) білім беру бағдарламасы бойынша магистранттарды дайындауды жүзеге асыруға арналған.

2. Нормативтік құжаттар

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (04.07.2018 ж. енгізілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылдың 31 қазанында №17657 болып тіркелген);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығына 2018 жылғы 12 қазандағы №563 бұйрығымен енгізілген өзгертулер мен толықтыруларымен;

ҚР БҒМ 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 бұйрығымен бекітілген, кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру және жүргізу қағидалары және іс-тәжірибе базасы ретінде ұйымдарды айқындау ережелері (27.02.2015ж. енгізілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 10 маусымдағы № 635 қаулысымен бекітілген 2020 жылға дейін техникалық реттеу және метрология жүйесін жетілдірудің кешенді жоспары;

«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының орынбасарының 12.30.2019 ж. № 270 бұйрығымен бекітілген «Стандарттау» кәсіби стандарты;

«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының орынбасарының 12.30.2019 ж. № 270 бұйрығымен бекітілген «Техникалық реттеу саласындағы мамандарды дайындау» кәсіби стандарты;

«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының орынбасарының 12.30.2019 ж. № 270 бұйрығымен бекітілген «Аккредиттеу аймағындағы бағалау» кәсіби стандарты;

«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының орынбасарының 12.30.2019 ж. № 270 бұйрығымен бекітілген «Өнім, үрдіс және қызмет сапасын бақылау» кәсіби стандарты;

«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының орынбасарының 12.30.2019 ж. № 270 бұйрығымен бекітілген «Тамақ өнімінің сәйкестігін растау» кәсіби стандарты.

«Мұғалім» кәсіби стандарты («Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша).

3. Білім беру бағдарламасының тұжырымдамасы

Білім беру бағдарламасының мақсаты университеттің миссиясына сәйкес және білімі үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін, кәсіпкерлік дағдыларды игерген, үш тілді еркін меңгерген, тұжырымдамалық, аналитикалық және логикалық ойлауға қабілетті, кәсіби қызметке шығармашылықпен қарайтын, ұлттық және интернационалдық ұжымда жұмыс істеуге қабілетті, өмір бойы оқу стратегиясын қолдайтын еліміздің зияткерлік элитасын дайындауға бағытталған.

Білім беру бағдарламасы ҚР Ұлттық біліктілік шеңберінің 7 деңгейімен, Салалық біліктілік шеңбері (техникалық реттеу саласындағы қызметтер), Дублин дескрипторларымен, Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінің біліктілік шеңберінің 2 циклімен, (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area), сонымен қатар өмір бойы білім алу үшін Еуропалық біліктілік шеңберінің 7 деңгейімен (The European Qualification Framework for Lifelong Learning) үйлесімділікте.

Білім беру бағдарламасы кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру арқылы стейкхолдерлердің талаптарын ескере отырып түзетілген ғылыми-зерттеу, тәжірибелік және кәсіпкерлік қызметтің қажетті түрлерімен байланысты кәсіби және әлеуметтік тапсырысқа бағытталған.

7M07510-«Стандарттау және сертификаттау» (салалар бойынша) білім беру бағдарламасының ерекшелігі инновацияларды тиімді ынталандыру және еліміздің барлық секторларында ғылымды қажет ететін салаларды дамыту үшін мемлекеттік инновациялық саясат жаңа инновациялық өнімдер мен қызметтер үшін нормативтік-құқықтық базаны қалыптастырумен қатар стандарттау және сертификаттаудың ғылыми және арнайы әдістерін қолданумен анықталады.

2019 жылы 7M07510-«Стандарттау, сертификаттау және метрология» (салалар бойынша) ғылыми және педагогикалық магистратура білім беру бағдарламасы БСҚТА аккредиттелген.

Білім беру бағдарламасы Болон процесінің принциптерін, студенттерді орталықтандыра оқыту, қол жетімділік пен инклюзивтілікті қолдана отырып, білім беру процесін ұйымдастыру арқылы оқыту нәтижелеріне жетуді мақсат тұтады.

Бағдарлама бойынша оқыту нәтижелеріне келесідей оқу іс-шараларын жүзеге асыру арқылы қол жеткізіледі:

- аудиториялық сабақтар: дәрістер, семинарлар, практикалық және зертханалық сабақтар – инновациялық оқыту технологияларын, ғылым, технологиялар мен ақпараттық жүйелердің жаңа жетістіктерін қолдану арқылы жүргізіледі;

- сабақтан тыс сабақтар: білім алушының өзіндік жұмысы, оның ішінде оқытушының басшылығымен, жеке кеңес беру сабақтары;

- кәсіптік практиканы жүргізу, курстық және диплом жұмыстарын (жобаларын) орындау.

- (МҒЗЖ) магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы: магистранттың өзіндік ғылыми жұмысы, оның ішінде магистрлік диссертация мен ғылыми тағылымдамадан өту.

Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті қолдауға, білім алушыға көрсетілген төзбеушілік және кемсітушіліктің кез келген түрінен қорғауға байланысты шаралар қабылданған.

Білім беру бағдарламасының сапасы оны әзірлеуге және бағалауға стейкхолдерлерді тарту мен оның мазмұнына жүйелі түрде мониторинг және шолу жүргізу арқылы қамтамасыз етіледі.

4. Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 31.10.2018ж. №600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес белгіленген.

1 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

1.1 Мамандық бойынша білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

Білім беру бағдарламасының мақсаты: Ел экономикасының басым секторларында стандарттау, сертификаттау, аккредиттеу және сапаны басқару саласында ғылыми және педагогикалық білімі бар мамандарды даярлау.

Білім беру бағдарламасының міндеттері:

- жоғары зияткерлік даму деңгейін алу, ғылыми-педагогикалық қызметте ғылыми еңбекті ұйымдастыру дағдысын және логикалық және сыни ойлауды меңгеру үшін жағдайларды қамтамасыз ету

- ғылыми, басқарушылық және технологиялық міндеттерді шешу, проблемалық жағдайларда жедел шешім қабылдау үшін кәсіби қызметте алған білімдерін пайдалана білуді дамыту;

- магистрлерге өзгермелі жағдайларға табысты бейімделуге мүмкіндік беретін барлық кәсіби қызмет барысында өз бетінше оқыту және үздіксіз біліктілікті арттыру дағдыларын дамыту;

- мамандық бойынша тез жұмысқа орналасу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін ел экономикасының түрлі салаларында стандарттау, сертификаттау және аккредиттеу саласында түлектердің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру немесе докторантурада оқуын жалғастыруларына жағдай жасау.

1.2 Біліктілік және қызметтер тізімі

Осы білім бағдарламасы бойынша бітірген түлекке «Техника ғылымдарының магистрі» дәрежесі тағайындалады.

7М07510-«Стандарттау және сертификаттау» (салалар бойынша) мамандығы бойынша магистрлер (ғылыми-зерттеу мекемелерінде, конструкторлық және жобалық ұйымдарда) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2012 жылғы 21 мамырдағы №201-ө-м бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының Біліктілік анықтамасындағы біліктілік талаптарына сәйкес жұмыс өтіліне талаптар қойылмастан бастапқы қызметтер - зертхана меңгерушісі, оқытушы, аға оқытушы, ұйымдар мен кәсіпорындардың стандарттау бойынша маманы, жетекші стандарттау маманы, қызметі сапаны қамтамасыз етумен байланысты құрылымдық бөлімшелердің жетекшілері - стандарттау және аккредиттеу бойынша техникалық сарапшылар, көрсетілетін қызметтердің сапасын талдау және бақылау жөніндегі басшылар, біліктілікті арттыру орталығының басшылары (техникалық реттеу саласындағы), аккредиттеу бағалаушылар қызметтерін атқара алады.

1.3 Білім беру бағдарламасын бітірген түлекке біліктілігі туралы сипаттама

1.3.1 Кәсіби қызмет саласы

Кәсіби қызмет саласы болып сапаны басқару және білім саласында Еуразиялық экономикалық одақтың талаптарын, басқару саласындағы еуропалық және халықаралық тәжірибені назарға ала отырып стандарттау, сертификаттау және аккредиттеудің ұлттық жүйесін жетілдіру, нормативтік-құқықтық базаны үйлестіру мәселелерін шешу арқылы стандарттау және сертификаттаудың жалпы ғылыми және арнайы әдістерін пайдалану негізінде инновациялық технологиялар мен жаңа техниканы стандарттау, ақпаратты іздеу, таңдау, талдау және жүйелеу қызмет сапасын жоғарлату үшін стандарттау және сертификаттау жүйесінің ғылыми аспектілері табылады.

1.3.2 Кәсіби қызмет нысандары

Бітіруші түлектердің кәсіби қызмет нысаны:

- техникалық комитеттер, стандарттау, сертификаттау және аккредиттеу саласындағы уәкілетті органдар;
- стандарттау, сертификаттау және аккредиттеу, сапаны басқару саласындағы ғылыми-зерттеу ұйымы;
- сәйкестікті растау жөніндегі органдар (сертификаттау);
- өнімдердің, процестердің, қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігінің көрсеткіштеріне сәйкестігін растауға тікелей қатысы бар сынақ зертханалары;
- кәсіпорындар зертханаларының, сынақ орталықтарының сынау жабдықтары;
- нормативтік құжаттардың әр түрлі түрлері мен санаттары;
- ел экономикасының барлық салаларының кәсіпорындарын стандарттау, сертификаттау, аккредиттеу және сапа менеджменті жүйелері;
- оқу-әдістемелік құжаттар, білім берудің техникалық құралдары;
- ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады.

1.3.3 Кәсіби қызмет пәндері

7М07510-«Стандарттау және сертификаттау» (салалар бойынша) мамандығы бойынша магистранттардың кәсіби қызмет пәндері:

- жаңа және инновациялық өнімдер мен технологияларға арналған нормативтік-техникалық құжаттама;
- жаңа жабдықтар;
- халықаралық менеджмент жүйесі;
- өнімнің, процестердің, қызметтердің инспекциялық қызметінің сапасын қамтамасыз ету үшін ғылыми зерттеулер;
- стандарттау, сертификаттау және аккредиттеу саласында мамандарды даярлау бойынша білім беру қызметтері;
- сапаны бақылау.

етуге арналған ғылыми зерттеулер;

1.3.4 Кәсіби қызмет түрлері

7М07510-«Стандарттау және сертификаттау» (салалар бойынша) мамандығы бойынша магистр келесі кәсіби қызметтерді атқара алады:

- ұйымдастыру-басқарушылық;
- өндірістік-технологиялық;
- есептік-жобалық;
- ғылыми-зерттеу;
- педагогикалық.

2. Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері

ОН1 Ғылым философиясының ережелері мен санаттарына негізделген, кәсіби қызметтегі шет тілін білу, тұлғааралық қарым-қатынас, ғылыми мақалаларды жазу, ғылым дамуының қазіргі кезеңінде туындайтын дүниетанымдық және методологиялық мәселелерді түсіну, фактілер мен құбылыстарды бағалау.

ОН2 Басқарудағы әлеуметтік-психологиялық технологияларды дамыту және тиімді пайдалануды бағалау, ғылыми зерттеулер әдістемесін қолдану, мамандандырылған пәндер бойынша инновациялық оқыту әдістерін қолдану, жоғары педагогикалық жұмысының ғылыми ұйымын сыни бағалау.

ОН3 Командада жұмыс істеу қабілетін көрсету, кәсіби қызметте стандартты емес жағдайларда техникалық басқаруды және техникалық шешімдерді қабылдау кезінде шығармашылық және логикалық ойлау.

ОН4 Өнімдердің, қызметтердің, процестердің, басқару жүйелерінің жай-күйі мен динамикасын талдау үшін стандарттау, сертификаттау және аккредиттеу жүйелерінің ғылыми принциптерін қолдану.

ОН5 Стандарттау жүйелерін жетілдіру және ақпараттық ресурстарды тарту арқылы ел экономикасының әртүрлі секторларын аттестациялау бойынша сараптамалық жұмыстарды жүргізу, ғылыми мақалалардағы нәтижелерді қорытындылау.

ОН6 Пәндермен байланысты білім салаларында мәселелерді талдау үшін алынған білімдер мен дағдыларды қолданып, эксперименталды зерттеулерді дербес жүзеге асыру, мамандармен және кең аудиториямен талқылаған кезде зерттеу нәтижелерін қолдану.

ОН7 Жеке түрде және команданың мүшесі ретінде тиімді жұмыс жасау, өз көзқарасын дәлелдей алу, өзінің ісін түзете білу және түрлі тәсілдерді қолдана алу.

3 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН БІТІРУШІ ТҮЛЕКТІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ

3.1 Білім беру бағдарламасы бойынша оқуын табысты тәмамдау түлектің келесідей құзыреттіктерін қалыптастыруға ықпал етеді:

- шешуші құзыреттіліктер (ШҚ)
- кәсіби құзыреттіліктер (КҚ).

Шешуші құзыреттіліктер:

(ШҚ1) тіл

- кәсіптік саладағы ауызша және жазбаша, медиация және мәдениетаралық түсіністікті шет тілінде қарым-қатынас жасаудың негізгі дағдыларын меңгеру қабілеті;

(ШҚ2) техникалық

- кәсіптік қызметтегі техникалық пәндерді оқу кезінде алынған білім беру әлеуетін, білімі мен тәжірибесін пайдалану және оларды стандартты емес проблемалық жағдайларды талдау және шешу үшін пайдалану; химиялық-технологиялық процестерді жүзеге асыру, өндірістің жаңа әдістерін жасау және оларды өндірістік жағдайларда сынау мүмкіндігі; кәсіби қызметтегі және докторантурада білім алуды жалғастыруға қажетті білімді жаңарту және тереңдету қабілеті;

(ШҚ3) экономикалық, басқарушылық және кәсіпкерлік

- экономиканы мемлекеттік реттеу мақсаттары мен әдістерін, экономикадағы мемлекеттік сектордың рөлін білу және түсіну; экономикалық білім негіздерін меңгеру; сыни ойлау, интерпретация, талдаудың креативтілігін, қорытынды шығару, бағалау дағдыларын меңгеру; кәсіби міндеттерге қол жеткізу үшін жобаларды басқару, персоналды басқара білу, кәсіпкерлік дағдыларын көрсете білу қабілеті.

(ШҚ4) зерттеу

- ғылыми, патенттік және маркетингтік зерттеулер жүргізу мақсатында басым салаларда стандарттау, сертификаттау, аккредиттеу және сапа менеджменті саласындағы ғылыми-техникалық ақпараттарды егжей-тегжейлі сараптау, ғылыми жарияланым түрінде қорытынды нәтижелерін қорытындылау, олардың лауазымын қорғау кезінде белгісіздік пен тәуекелдің алдында кәсіптік сипаттағы талқылаулар мен шешімдер қабілеті;

(ШҚ5) әдістемелік

- стандарттау және сертификаттау жүйелерінің қазіргі заманғы теориясы мен практикасының шынайылығын табиғи жаратылыстану-ғылыми әдістеме негізінде талдау және түсіну қабілеті, стандарттау, сертификаттау, аккредиттеу және сапа менеджменті саласындағы зерттеулерді ұйымдастыруға және жүргізуге қабілетті, мамандандырылған пәндерді оқытуда жаңа әдістерді қолдануға, қызметтер, процестер және басқару жүйелері қабілеті.

Кәсіби құзыреттіліктер:

КҚ1 педагогикалық

- оқытудың дағдыларын меңгеру мүмкіндігі: дәріс оқу, зертханалық және практикалық сабақтарды жүргізу; сабақ барысында интерактивті әдісті пайдалану; оқу құжаттарының түрлері мен мақсаттарын білу; базалық оқу-әдістемелік құжаттаманы әзірлеу технологиясын игеру; сабақ өткізуде оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құжаттарға қатысты сапа менеджмент жүйесінің рәсімдерін білу қабілеті.

КҚ2 ғылыми

- ғылыми және өндірістік-технологиялық қызметте стандарттау және сертификаттаудың фундаменталды және қолданбалы бөлімдерін білу және шығармашылықта пайдалану: стандарттау әдістерін қолдану, нормативтік құжаттардың халықаралық талаптарымен келісу және әзірлеу үшін әртүрлі технологияларды, кәсіпорындар мен ұйымдарда стандарттарды енгізу тиімділігін бағалауды, сертификаттаудың тиімділігін бағалау әдістерін; ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған мақалаларды жазуды, баяндамаларды және тезистерді меңгеру; ғылыми-техникалық есептерді құрастыру және ғылыми зерттеулердің нәтижесі бойынша көпшілік алдында сөйлеу дағдысына ие болу қабілеті.

КҚ3 инженерлік

- өнімдердің, қызметтердің, процестердің сапасын басқару үшін кәсіпорындардың практикалық қызметінде жұмыс жасаудың түрлі инженерлік әдістерін қолдану стратегиясын анықтау; индустриалды мамандандырылған интеграцияланған менеджмент жүйесін дамыту қабілеті.

КҚ4 ресурсты үнемдеу

- аттестаттаудың ғылыми-техникалық негіздерін білуге, ресурстардың қажеттілігін бағалауға және әртүрлі өнімдер/қызметтердің сандық және сапалық көрсеткіштерінің сәйкестігін растау міндеттерін шешуде оларды жоспарлау мүмкіндігіне негізделген; өндірістегі экологиялық қауіпсіздік, жұмысшылардың денсаулығын қорғау, жаңа технологиялар мен жабдықтарды енгізу қабілеті.

КҚ5 инновациялық

- жаңа инновациялық өнімдерді жоспарлау және шығару кезінде стандарттау және сертификаттау жүйелерін жетілдірудің методологиялық принциптерін қолдану, әр түрлі халықаралық менеджмент жүйелерін енгізу кезінде басқарудың халықаралық әдістерін түсіну, олардың жұмысының қорытынды нәтижелеріндегі қызметкерлердің ынталылығын арттыру, сапа мақсатына жету, жаңа сынақ әдістерін қолдану, өнімдерді, қызметтерді, қызметкерлерді, сапа жүйесінің сәйкестігін растау саласында бақылауды жүзеге асыру, тұжырымдау және отандық кәсіпорындар техникалық кедергілерді жою туралы мәселелерді шешу қабілеті.

3.2 Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері мен модульдердің жалпы қалыптасқан құзыреттіліктері ара қатынасының матрицасы

	H1	H2	H3	H4	H5	H6	H7
ШҚ1	+		+			+	
ШҚ2		+			+		+
ШҚ3	+		+				+
ШҚ4	+			+	+	+	
ШҚ5		+		+		+	
КҚ1		+	+				+
КҚ2	+	+		+	+		
КҚ3				+		+	+
КҚ4			+	+		+	
КҚ5	+	+				+	

4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МОДУЛЬДЕР КЕСКІНІНДЕ МЕНГЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР КӨЛЕМІМЕН КӨРСЕТІЛГЕН ЖИЫНТЫҚ КЕСТЕ

Оқу курсы	Семестр	Менгерілген модульдер саны	Оқылатын пәндер саны		KZ кредиттер саны					Барлығы сағатпен	Барлығы кредит KZ	Саны	
			МК	ТК	Теориялық оқу	Педагогикалық іс-тәжірибе	Зерттеу іс-тәжірибе	МҒЗЖ	Қорытынды аттестат тау			дана	диф. сынақ
1	1	3	5	2	28	-	-	2	-	900	30	7	1
	2	2	-	4	20	8	-	2	-	900	30	4	2
2	3	2	-	3	16	-	12	2	-	900	30	3	2
	4	2	-		-	-	-	18	12	900	30	-	1
Барлығы			5	9	64	8	12	24	12	3600	120	14	6

5. Пәндер туралы мәліметтер

Модуль атауы	ЦИКЛ	ЖООК/ТК	Компонент атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредиттер саны	Қалыптасатын ОН (кодтары)
Ғылыми және педагогикалық дайындық модулі	БП	ЖООК	Ғылым тарихы мен философиясы	Жаратылыстану және техникалық ғылымдар тарихы мен философиясы. Мәдениет пен өркениеттегі жаңа еуропалық ғылым, ғылымның пайда болуы, оның тарихи динамикасы, ғылыми таным құрылымы, нақты ғылымның философиялық мәселелері. ХХІ ғасырдың коммуникативтік технологиялары және олардың қазіргі ғылымдағы рөлі. Қазіргі жаһандық өркениеттің философиялық мәселелері. Жаратылыстану және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың қазіргі өзекті әдіснамалық және философиялық мәселелері.	3	ОН1 ОН6 ОН7
			Шет тілі (кәсіби)	Мазмұны әр түрлі деңгейдегі шет тілді түпнұсқа дереккөздерді оқудың негізгі түрлерін меңгеру. Мамандық бойынша ғылыми тақырыптарға жазбаша хабарламаларды дайындау дағдыларын дамыту: ғылыми баяндама, ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша тезистер, шет тіліндегі түпнұсқа дереккөздерге реферат жасау, ғылыми мәтінді аннотациялау, түйіндеме. Түпнұсқалық жазбалардың жалпы мазмұнын түсіну. Кәсіби ақпаратты қамтитын дәрістер мен хабарламаларды есту арқылы қабылдау. Мамандық бойынша ауызша коммуникация дағдыларын дамыту: ғылыми баяндамамен сөз сөйлеу,	3	ОН1 ОН2 ОН3

				ғылыми зерттеу презентациясы, ғылыми пікірталас, ғылыми пікірталастар, ситуациялық ойындарды пайдалану.		
			Басқару психологиясы	Жоғары білікті мамандардың кәсіби қызметіне қажетті заманауи психологиялық ғылымның негізгі тәсілдері мен принциптері. Негізгі психологиялық ұғымдар бойынша ғылыми-теориялық дүниетанымды қалыптастыру, пәннің мазмұнын ашатын психологиялық ғылым туралы түсініктерді дамыту. Тұлғаның психологиялық зерттеулерінің дағдыларын қалыптастыру, эксперименталды – психологиялық зерттеудің негізгі әдістерімен және психокоррекциялық жұмыстың негізгі бағыттарымен танысу. Қақтығыстарды, стресстерді басқару ерекшеліктері және оларды шешу әдістері.	3	ОН2 ОН3 ОН7
Оқытудың әдістемелік негіздері	БП	ТК	Жоғары мектеп педагогикасы	Жоғары білім берудің заманауи парадигмалары. Қазақстандағы жоғары кәсіптік білім беру жүйесі. Педагогикалық ғылымның әдіснамасы. Жоғары мектеп оқытушысын кәсіби біліктілігі. Жоғары мектепте кредиттік оқыту жүйесі негізінде оқу үдерісін ұйымдастыру. Болашақ мамандарды дайындауда оқытудың әдістері мен формалары. Жоғары мектептегі жаңа білім беру технологиялары. Жоғары мектеп маманның тұлғасын қалыптастыру және тәрбиелеу әлеуметтік институты ретінде.	3	ОН2 ОН3 ОН6 ОН7
	КП	ЖООК	Мамандандырылған	Стандарттау және сертификаттау	5	ОН4

			пәндерді оқыту әдістемесі	саласында арнайы пәндерді оқыту ерекшеліктерін білу, білім алушылардың білім сапасын бақылау және оқыту процесін ұйымдастырудың заманауи технологияларын түсіну, стандарттау және сертификаттау саласында кәсіптік цикл пәндері бойынша оқу сабақтарын өткізу дағдылары, оқу-әдістемелік құжаттарды әзірлеу, кәсіптік цикл пәндері бойынша оқу процесінің мазмұнын талдай білу		ОН5 ОН6 ОН7
	БП	ТК	Педагогикалық іс-тәжірибе	Заманауи педагогке, жоғары оқу орны оқытушысының ғалым, педагог, тәрбиеші, қоғам қайраткері ретіндегі жұмысына, стандарттау және сертификаттау саласындағы мәселелерді шешу үшін логикалық және сыни ойлауды қолдануға, өзінің болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын сезінуге және кәсіби міндеттерді орындауға мотивация алуға, заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, жаңа білім алуға, стандарттау және сертификаттау саласында кәсіби-зерттеу мәдениетін дамытуға қабілетті болу, стандарттау және сертификаттау, ғылыми-педагогикалық ойлау мәдениеті саласында кәсіби-педагогикалық іскерлікті қалыптастыру	8	ОН3 ОН4 ОН5 ОН6
Стандарттау және сертификаттау жүйесінің ғылыми-педагогикалық негіздері	БП	ТК	Жүйенің сапасын басқарудың қазіргі заманғы мәселелері	Ұйымдарда жүйелік сапа менеджментін құрудың әдіснамалық негіздерін білу, нақты жағдайлар барысында туындайтын менеджмент проблемаларын анықтай білу, тиімділік	5	ОН5 ОН6 ОН7

				критерийлерін, ықтимал әлеуметтік және экономикалық салдарларды ескере отырып, оларды шешу тәсілдерін ұсыну, ағымдағы және ұзақ мерзімді басқару шешімдерін талдау, басқарушылық, экономикалық және әлеуметтік ақпаратты пайдалану, бөлімшелер мен ұйым деңгейінде басқарушылық шешімдерді қабылдау дағдылары		
			Халықаралық стандарттау және сертификаттау жүйелері	Халықаралық стандарттау және сертификаттау жүйелерін білу және түсіну, өзінің кәсіби қызметі саласында әртүрлі халықаралық стандарттарды қолдана білу, сапаны басқару саласындағы стандарттау және сертификаттау бойынша халықаралық ұйымдардың қызметін талдау, Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық стандарттарды әзірлеуге, келісуге және қабылдауға халықаралық талаптарды қолдану дағдысы.		ОН3 ОН5 ОН7
МС ИСО 9000 сериясының негізгі бизнес-процестері	БП	ТК	Еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғауды стандарттау жүйесі	Еңбек қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды стандарттау жүйелерін, заңнамалық базасын білу, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік органдар мен кәсіпорындар қызметінің негізгі бағыттарын, еңбек қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды стандарттаудың негізгі объектілерін түсіну, жалпы ғылыми әдіснаманы, экологиялық менеджмент, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік және техникалық құжаттаманы сараптау	5	ОН4 ОН5 ОН7

				бойынша ғылыми - зерттеу жұмыстарын жүргізу логикасы мен технологиясын пайдалану дағдысы	5	
			Экологиялық менеджменттің және өмірдің қауіпсіздігін басқарудың заманауи мәселелері	Экологиялық менеджмент және тіршілік қауіпсіздігінің қазіргі заманғы мәселелерін білу, персоналдың денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғауға, қоршаған ортаны қорғауға қойылатын талаптарды белгілейтін заңнамалық және нормативтік құжаттармен жұмыс істей білу, еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық жүйелерді дамытудың негізгі үрдістерін талдау, кәсіпорынды басқарудың жалпы жүйесіне экологиялық менеджмент және еңбек қауіпсіздігі жүйелерін әзірлеу, енгізу және интеграциялау дағдылары		ОН5 ОН6 ОН7
			Сапаны басқарудың инженерлік әдістері	Кәсіпорынның сапасын басқару жүйесінде инженерлік әдістерді қолданудың әдіснамалық және практикалық аспектілерін білу, зерттеу объектісіне байланысты инженерлік әдістерді таңдауды жүргізе білу, ақаулардың, сәйкессіздіктердің пайда болу себептерін талдау, күрделі техникалық жүйелерді жобалау үшін ақпарат жинау дағдылары, бизнес үдерістерге мониторинг жүргізу		ОН4 ОН5 ОН7
			Сапа инжинирингі	Сапа түсінігі этимологиясын, сапа инжинирингінің негізгі бағыттарын білу, сапа тұжырымдамасын түсіну, объектілерді жобалау үшін сапа инжинирингі әдістерін қолдану дағдысы, сапа жоспарларын, құралдар және қолданбалы сипаттағы операциялық		ОН4 ОН5 ОН6

				схемаларды әзірлеу, жобалау алдындағы техникалық-экономикалық зерттеулер мен жоспарланатын күрделі салымдардың негіздемесін, технологиялар мен прототиптерді қажетті зертханалық және эксперименттік пысықтауды, оларды өнеркәсіптік пысықтауды, сондай-ақ кейінгі қызметтер мен консультацияларды қамтиды		
Стандарттау және сертификаттау жүйесінің ғылыми-педагогикалық негіздері	КП	ТК	Стандарттау және сертификаттау саласындағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастырудың ғылыми аспектілері	Стандарттауды ғылым ретінде дамытудың ғылыми-техникалық қағидаттарын, елдің ғылыми-техникалық және әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етудегі стандарттаудың рөлін білу, стандарттау және сертификаттау саласындағы зерттеулерді ұйымдастырудың міндеттері мен негізгі кезеңдерін түсіну, өнеркәсіптің басым салаларында стандарттау және сертификаттау саласындағы зерттеулерге заманауи тәсілдерді талдау, стандарттау және сертификаттау саласында әртүрлі ғылыми жобаларды қалыптастыру	6	ОН4 ОН5 ОН6
			Стандарттау және сертификаттаудағы инновациялар	Ел экономикасының кез келген саласындағы кәсіпорындарда стандарттау және сертификаттау жүйелерін қалыптастыруға инновациялық тәсілдерді білу және түсіну, жаңа прогрессивті технологияларды, ұйымдастыру-басқару жүйелерін таңдау, инновациялық жобаның тиімділігін бағалау, стандарттау және сертификаттау		ОН4 ОН5 ОН6

				саласындағы кәсіпорынның инновациялық стратегиясын әзірлеу дағдылары		
МС ИСО 9000 сериясының негізгі бизнес-процестері	КП	ТК	ИСО 9000 стандарттарын енгізу кезінде ұйымның адам ресурстарын басқару	ИСО 9000 стандарттары негізінде персоналды басқарудың негізгі теориялық-философиялық және тұжырымдамалық заңдылықтарын, принциптері мен әдістерін білу және түсіну, қазіргі даму жағдайында ИСО 9000 ХС ережелері негізінде персоналды басқару жүйесін қалыптастыру, персоналды жалдаудың, бағалаудың, іріктеудің және әлеуметтендірудің қазіргі заманғы технологияларын, сондай-ақ оның дамуы мен мінез-құлқын басқару, қойылған оқу міндеттерін шешуге шығармашылық көзқарас пен ойлау дербестігін көрсету арқылы кадрлық психодиагностиканы қолдану	4	ОН2 ОН3 ОН5
			Қызметкерлерді басқарудың тиімділігін бағалау	Персоналды басқару тиімділігін бағалау әдістемесін білу, бағалау элементтерін - тиімділік критерийлерін, еңбек шығындарын есепке алуды, еңбекақы төлеуді, өнімділікті түсіну, персоналды бағалау саласындағы қазіргі халықаралық әдістерді талдау "адамдарға инвестициялар" ХС қағидалары мен ережелерін енгізу, мотивациялық схемалар мен өтемдік пакеттерді әзірлеу, персоналды бағалау жүйесін жетілдіру		ОН2 ОН3 ОН4
Өнім мен процестердің сапасын басқарудың тәжірибелік аспектілері	КП	ТК	Сапаны басқарудың интегралдық жүйесі	Сапа басқарудың заманауи жүйелерін, менеджмент жүйесіне ИСО халықаралық стандарттарын білу, басқарудың әртүрлі жүйелерін интеграциялау принциптерін	6	ОН3 ОН4 ОН5

				түсіну, менеджмент жүйесінің жалпы элементтерін интеграциялау үшін талдау жүргізе білу, кәсіпорын менеджментінің жалпы жүйесіне әртүрлі халықаралық басқару жүйелерін әзірлеу және енгізу, негізгі бизнес үдерістерді құжаттау дағдылары.		
			Салалық кешенді басқарудың қазіргі заманғы мәселелері	Сапаны басқарудағы қазіргі заманғы проблемаларды олардың салалық ерекшелігін ескере отырып білу және түсіну, салалық тиістілігіне байланысты сапаны басқару жүйелерін таңдауды жүргізе білу, қолдану саласын ескеретін басқарудың әртүрлі халықаралық жүйелерін және оларды интеграциялауды қолдану дағдылары.		ОН3 ОН4
			Сертификаттаудың тиімділігін бағалау әдістері	Өнім, жұмыс және қызмет көрсету сапасының сәйкестігін бағалаудың ғылыми әдістерін, өнімнің нақты түрлерін сертификаттауды жүргізу ережелерін білу және түсіну, сертификаттауға жататын өнімдерді таңдауды жүргізе білу, сертификаттау бойынша жұмыстарды жоспарлау және жүргізу үшін компьютерлік технологияларды қолдану дағдылары, сертификаттау бойынша ақпараттық базаны пайдалану, сертификацияланған өнімнің сапасын бақылау және қадағалау, сертификаттық сынақтарды жүргізу үшін белгіленген өнімге қойылатын қауіпсіздік талаптарын талдау, сынақ ұйымдарын аккредиттеу,	5	ОН4 ОН5 ОН6
			Сапаны бақылау және сынаудың заманауи	Заманауи сынау әдістерін білу, өнімнің сапасын бақылау рәсімдерін, сынау		ОН4 ОН5

			әдістері	әдістемелерін әзірлеуге қойылатын нормативтік талаптарды түсіну, өнім сапасын бақылау жүйесін жоспарлай және ұйымдастыра білу, сынау әдістемелерін әзірлеу, өнімді сынауды жүргізу, өнімнің сапасын сынау және бақылау актілерін жасау, оларды әзірлеу, аттестаттау және енгізу, сынау нәтижелерінің рецензиялылығы, теңдестіруаралық сынақтарды жүргізу, сынақ нәтижелерінің белгісіздігін есептеу дағдысы		ОН6
Стандарттау және сертификаттаудың ғылыми-техникалық базасы	КП	ТК	Нормативтік құжаттарды әзірлеу және үйлестіру	Нормативтік құжаттарды халықаралық және өңірлік талаптармен әзірлеудің және үйлестірудің әдістемелік аспектілерін білу, түрлі нормативтік құжаттардың техникалық сәйкестігін түсіну, НҚ әзірлеуге және үйлестіруге заңнамалық базаны талдау, өнімді өндірушілер мен тұтынушылар үшін әр түрлі НҚ құрастыру, қателердің классификаторларын пайдалана отырып, НҚ нормалық бақылауын жүргізу, стандарттың және басқа да НҚ өмірлік цикл технологиясын іске асыру дағдылары	5	ОН5 ОН7
			Техникалық регламенттерді әзірлеу принциптері	Техникалық регламенттерді әзірлеуге қойылатын нормативтік талаптарды білу, техникалық регламент бөлімдерін қалыптастырудың ғылыми принциптерін түсіну, аккредиттеу, өлшем бірлігін қамтамасыз ету, стандарттау және сертификаттау салаларында оларды әзірлеу кезіндегі тәсілдерді талдау		ОН4 ОН5
			Аккредиттеу	Аккредиттеу жүйесінің әдіснамалық	6	

			жүйесінің ұйымдастырушылық негіздері	және ғылыми негіздерін, халықаралық аккредиттеу жүйелерінің талаптарын - ILAC, IAF, EA аккредиттеу жүйесі субъектілерінің қызметіне ИСО/МЭК 65, ИСО/МЭК 17025 стандарттарының талаптарын білу, аккредиттеу субъектілерін аккредиттеу критерийлері мен шарттарын түсіну, аккредиттеу жүйесі субъектілерінің қызметін бағалау, сараптамалық бағалау жұмыстарының құнын анықтау, сертификаттау бойынша аккредиттелген органдардың және сынақ зертханаларының мемлекеттік бақылауын жүргізу дағдысы		ОН1 ОН5 ОН7
			Өнімдердің, процестердің, қызметтердің, қызметкерлердің, СМ сәйкестігін бағалау жүйесі	Процестердің, қызметтердің, персоналдың сәйкестігін растаудың негізгі жүйелерін, менеджмент жүйелерін білу және түсіну, сәйкестікті растау объектілеріне қойылатын заңнамалық және нормативтік талаптарға талдау жүргізе білу, сәйкестікті растау үшін өтініш берушілердің құжаттарына сараптама жүргізу, сыртқы аудит жүргізу, аудит жоспары мен нәтижелерін жасау, инспекциялық бақылау жүргізу дағдысы		ОН4 ОН6
Стандарттау және сертификаттау жүйесінің ғылыми-педагогикалық негіздері			Зерттеу іс-тәжірибесі	Стандарттау және сертификаттау саласындағы отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерін, өнеркәсіптің түрлі салаларындағы техникалық реттеу процестерінің заңдылықтарын білу және түсіну, стандарттау және сертификаттау	12	ОН2 ОН3 ОН4 ОН5 ОН6 ОН7

				сүйенетін фундаменталды ғылымдар арасында байланыс орнату білігі, жеке жоспарға сәйкес диссертация тақырыбы бойынша эксперименталды зерттеулерді орындау дағдылары		
МС ИСО 9000 сериясының негізгі бизнес-процестері			Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	Кафедра зертханасының нормативтік, техникалық базасын қолдана отырып академиялық кезеңнің жоспарына сәйкес ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу. Бітіру біліктілік жұмыстарын орындау кезінде ақпараттық технологиялар мен компьютерлік бағдарламаларды қолдану. Магистрлік диссертацияның тақырыбына сәйкес зерттеу жүргізу әдіснамасын таңдау және негіздеу. Магистрлік диссертацияның практикалық нәтижелерін анықтау. Жұмыстың барлық бөлімдері бойынша қорытындыларды қалыптастыру.	24	ОН1 ОН2 ОН3 ОН4 ОН5 ОН6 ОН7
Қорытынды аттестация модулі			Магистрлік диссертацияны ресімдеу және қорғау	Стандарттау, сертификаттау және әр түрлі өнеркәсіп салаларында сапаны басқару бойынша ғылыми және педагогикалық білім саласында оқу барысында алған құзыреттілігін растайтын магистрлік бағдарлама түлектерінің қорытынды біліктілік жұмысы. Магистрлік диссертацияны қорғау комиссия төрағасының және оның құрамының кемінде жартысының қатысуымен мемлекеттік емтихан комиссиясының ашық отырысында жүргізіледі. Магистрлік диссертацияны қорғау тәртібі мен регламентін төраға белгілейді.	12	ОН2 ОН3 ОН4 ОН5 ОН6 ОН7
Барлығы					120	

7M07510-«Стандарттау және сертификаттау» (салалар бойынша)
білім беру бағдарламасы бойынша
КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

ЖООКББИ директоры


копы Конарбаева З.К.

АҒД директоры


копы Жаңабай Н.Ж.

ҒжӨД директоры


копы Бажилов Т.С.

Шымкент қ., М.Әуезов ат. ОҚМУ-де жасалған 7М07510 – «Стандарттау және сертификаттау» (салалар бойынша) бойынша білім беру бағдарламасына

РЕЦЕНЗИЯ

1. Кәсіпорынның қысқаша сипаттамасы және оның қызметінің бейіні.

7М07510-«Стандарттау және сертификаттау» (салалар бойынша) бойынша магистрлерді дайындау кафедрасы 2010 жылдан бастап жүргізіледі. Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі ұлттық органы болып табылатын Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша республикалық мемлекеттік кәсіпорын филиалы және М. Әуезов атындағы ОҚМУ арасындағы кафедраның қызметі аясында ОҒӨК, аймақтың барлық экономика салаларының ұйымдары және кәсіпорындары үшін стандарттау, сертификаттау, аккредиттеу және сапаны басқару саласында кадрлар даярлау туралы ынтымақтастық Меморандум негізінде, «Стандарттау және сертификаттау» кафедрасымен жұмыс жасайды.

2. ББ өзектілігі мен қажеттілігі

ББ өзектілігі отандық өндірісті дамытуда стандарттау және сертификаттау жүйелерінің рөлін арттыруға, оның өңірлік және әлемдік нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға байланысты экономиканың барлық салалары үшін стандарттау және сертификаттау саласында ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлау қажеттілігінен туындап отыр. Кез келген елдің стандарттау мен сертификаттаудың сапалы жүйелерінің болуы қоғамның тыныс-тіршілігінің әлеуметтік – экономикалық саласының жоғары деңгейін куәландырады және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру құралы болып табылады. Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі халықаралық ережелер мен нормалармен Үйлестірілген стандарттау әдістері мен принциптерін әзірлеуге және енгізуге мәжбүр етеді.

Стандарттау және сертификаттау жүйелерін дамытудың өте маңызды элементі-осы салада білімі мен құзыреттілігі бар мамандардың болуы. ББ мұндай білім мен құзыреттілікті алуға мүмкіндік береді, өйткені онда Оқыту нәтижелері мен еңбек нарығының сұраныстарымен құзыреттіліктер арасында нақты байланыс байқалады.

Білім беру бағдарламасында оқыту және құзыреттілік нәтижелері, атап айтқанда:

- инновацияларға, ғылымды қажетсінетін салаларды, ақпараттық технологияларды дамытуға негізделген экономикалық өсудің жаңа моделі жағдайында стандарттау және сертификаттау саласындағы аналитикалық және басқарушылық міндеттерді шешу үшін білімді біріктіру, оларды пайдалану;

- жаңа инновациялық өнімдер, қызметтер, процестер үшін нормативтік базаны қалыптастыру, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды тарта отырып, қолданыстағы нормативтік құжаттарды өзектендіру бойынша жұмыс жүргізу;

- стандарттау және сертификаттау саласындағы зерттеу және талдау жұмыстарының нәтижелерін мақалалар, есептер, аналитикалық жазбалар және т. б. түрінде жариялау;

- стандарттау және сертификаттау әдістері негізінде өнім, қызмет көрсету, жұмыс және үдерістердің сапасын арттыру бойынша қызметті ұйымдастыру мен басқарудағы практикалық мәселелерді ғылыми талдау және шешу.

ББ-да стандарттау және сертификаттау саласындағы зерттеулерді ұйымдастырудың ғылыми аспектілері, стандарттау және сертификаттау саласындағы арнайы пәндерді оқыту әдістемесі, нормативтік құжаттарды әзірлеу және үйлестіру, сапаны сынау мен бақылаудың заманауи әдістері, сапа инжиниринг сияқты пәндер енгізілген.

3. Практикалық дағдыларды дамытатын компоненттердің болуы

ББ мазмұны жаңа жағдайларда бейімделуге және стандарттау мен сертификаттау проблемаларын шешу үшін инновациялық тәсілдерді пайдалануға, техникалық регламенттерді, менеджменттің түрлі халықаралық жүйелерін әзірлеуге және оларды

отандық кәсіпорындар мен ұйымдардың жұмыс тәжірибесіне енгізуге қабілетті мамандарды даярлауға бағытталған.

4. Білім беру бағдарламасының мазмұны (Модульдер, пәндер)

Білім беру бағдарламасы экономиканың басым салаларында стандарттау және сертификаттау жүйелерінің ғылыми негіздері, менеджменттің халықаралық жүйелерін енгізу, персоналды басқару, Техникалық реттеу, өнімнің, процестер мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін басқарудың практикалық аспектілерін, ғылыми-зерттеу жұмыстарын, стандарттау, сертификаттау және сапаны басқару саласындағы ғылыми және педагогикалық бағыттың кәсіби міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін жаңа инновациялық өнімдер мен технологиялар, педагогикалық дайындық, кәсіби шет тілі үшін стандарттау, сертификаттау және аккредиттеудің техникалық базасы саласындағы дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыратын модульдерден тұрады.

5. Анықтау бойынша қорытынды

7M07510-«Стандарттау және сертификаттау» білім беру бағдарламасы (салалар бойынша) стандарттау және сертификаттау саласындағы ғылыми және педагогикалық бағыттағы магистрлерді дайындауға бағытталған, олардың білім мен түсінушілік деңгейіне сәйкес егжей-тегжейлі зерттеулер мен техникалық мәселелерді жүргізу үшін тиісті әдістерді қолдана алатын, аналитикалық, имитациялық және эксперименталдық зерттеулерді жоспарлай алатын және жүргізе алатын, өз қызметі саласында жаңа технологияларды пайдалану тәсілдерін зерттей алатын, инженерлік әдістерді, сынақ жабдықтарын қолдана алатын, компьютерлік және математикалық моделдеу, ұлттық, халықаралық және аймақтық стандарттар, техникалық әдебиет және ақпарат көздері, басқару практикасы саласындағы кең, техникалық емес мәселелерді шешу: этикалық, экологиялық, экономикалық және әлеуметтік мәселелер, өз мамандығы бойынша колледждер мен ЖОО-да оқыту.

РМК ШТФ «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты»
директоры



Бейсеев С.А.

7М07510 - «Стандарттау және сертификаттау» (салалар бойынша)
бойынша білім беру бағдарламасына
сараптамалық қорытынды

1. ББ өзектілігі стандарттау және сертификаттау саласында ғылыми және педагогикалық кадрларды дайындау қажеттілігімен, стандарттау және сәйкестікті растаудың халықаралық жүйесіне кірігуге жағдай жасау, инновацияларды енгізу және жоғары технологиялық өндірістерді дамыту үшін саудада техникалық кедергілерді жоюға бағытталған Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының стратегиялық бағдарламаларын орындауы үшін, сондай-ақ технологиялар мен ең үздік практикалардың трансфертіне жәрдемдесу.

2. ЖОО миссиясымен, жұмыс берушілер мен магистранттардың сұраныстарымен келісілетін ББ тұжырымдалған мақсаттарға сәйкестігі

ББ онда тұжырымдалған мақсаттарға сәйкес келеді және ғылым мен технологиялардың озық білімі мен жетістіктері негізінде стандарттау және сертификаттау саласында ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлау жөніндегі жұмысы М. Әуезов ат. ОҚМУ миссиясымен келісіледі.

Ұсынылған ББ мақсаттары Еңбек нарығының, стейкхолдерлердің, магистранттардың сұраныстарымен контексте тұжырымдалған және нақтыланды, өйткені Дублиндік дескрипторлар негізінде қалыптасады және мынадай құзыреттер арқылы көрсетіледі: кәсіби шет тілі, әлеуметтік (тұлғааралық, мәдениетаралық, азаматтық), стандарттау және сертификаттау саласындағы іргелі ғылыми және педагогикалық даярлық, стандарттау, сертификаттау, техникалық реттеу, өнім, қызмет көрсету, процестер, басқару жүйелері саласындағы қосымша және кәсіби құзыреттер.

Жұмыс берушілердің сұраныстары ОП-ның магистранттарға стандарттау және сертификаттау жөніндегі маман-зерттеушіден бастап ЖОО мен колледждерде жоғары білікті педагогке дейін барлық тиісті салаларда еңбек нарығында табысты бәсекелесуге мүмкіндік беретін стандарттау және сертификаттаудың ғылыми негіздері саласында мықты дайындықты ұсыну мүмкіндігін көрсететін мақсаттарда нақтыланды.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкестігі

Ұлттық біліктілік шеңбері сегіз біліктілік деңгейлерін қамтиды, бұл Қазақстан Республикасының "білім туралы" Заңында айқындалған Еуропалық біліктілік шеңберіне және білім беру деңгейлеріне сәйкес келеді. 7М07510-«Стандарттау және сертификаттау» (салалар бойынша) білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы ҰБШ біліктілігінің жетінші деңгейіне сәйкес келеді және міндетті түрде әлеуетті жұмыс берушілермен келісіледі.

4. Кәсіптік стандарттарда/ салалық шеңберде салынған Дублиндік дескрипторларға негізделген ББ, Оқыту нәтижелері мен құзыреттіліктерді көрсету

Білім беру бағдарламасында Дублиндік дескрипторларға негізделген оқыту және құзыреттілік нәтижелері, атап айтқанда:

А. білім және түсіну;

В. білім мен түсіну қабілетін практикада қолдану;

С. тұжырымдар шығару және тұжырымдау қабілеті;

Д. қарым-қатынас саласындағы іскерліктер;

Е. Болон процесі қарастырылғандай, дайындықтың екінші деңгейін (магистратура) есепке ала отырып, оқу саласындағы іскерліктер, олар осы бағыттағы магистранттарға мамандандырылған құзыреттерді алуға мүмкіндік береді:

Тиісті пәндерді концептуалды түсіну арқылы білімді қолдану және бейімдеу қабілеті;

Мәселені жаһандық тұрғыдан түсіну қабілеті;

Жаңа жағдайларда бейімделу және стандарттау, сертификаттау және сапаны басқару саласындағы проблемаларды шешу үшін инновациялық тәсілдерді пайдалану қабілеті;

Мамандандырылған саладағы білімді сын тұрғысынан талдау және күмән туғызу қабілеті;

Технологияларды, процестерді, өнімдерді, қызметтерді стандарттау және сертификаттау саласына қатысты теорияларды, модельдерді және құралдарды білу қабілеті

Стандарттау бойынша салалық біліктілік шеңбері (жоба) келісу және бекіту рәсімінен өтеді, оның ішінен ББ магистратураның осы ББ бойынша түлектер лауазымдарының ұсынылатын атаулары енгізілетін болады.

5. МЖБС, ҮОЖ сәйкестігі

Құрылымы, мазмұны және көлемі бойынша білім беру бағдарламасының мазмұны ҚР ПП бекітілген 23.08.2012 ж. №1080, 2018 жылғы 31 қазандағы №604 өзгерістерімен және толықтыруларымен толық сәйкес келеді.

ББ ҚР БҒМ нормативтік құжаттарына сәйкес, оның ішінде модульдік құрылымдау, құзыреттілік тәсіл және модульдерді игеру нәтижелерін және КЗ кредитінде барлық модульдік оқу жоспарын есепке алу ережелеріне сәйкес оқу жоспарына сәйкес әзірленді.

Оқу жоспары үздіксіз, сабақтастық және бейімделу принциптеріне негізделген, пәндер тізімі, кредит саны, семестр бойынша орналастыру, сабақ түрлері және бақылау түрлері бар. Сонымен қатар кредит көлемі, мерзімі, зерттеу және педагогикалық практикадан өту, ҒЗЖ орындау көрсетіледі.

ББ құрылымы мен мазмұны, оларды құрудың модульдік принципін қолдану

7М07510-«Стандарттау және сертификаттау» (салалар бойынша) білім беру бағдарламасында оқытудың модульдік жүйесі іске асырылды. Ол білімді жүйелеу мәселелерін шешуге, оларды ең жақсы меңгеруге ықпал етеді және ақпаратты белгілі бір дозаға – оқыту процесінің қажетті басқарылуын, икемділігін және серпінділігін негіздейтін модульдерге бөлшектеуден тұрады. Модуль білім беру бағдарламасының бөлімі ғана емес, сонымен қатар білім беру қызметінің әртүрлі тәсілдері мен тәсілдерінің өзара іс-қимылына негізделген жүйе болып табылады.

6. Стейкхолдерлердің өзгермелі талаптарын көрсететін негізгі құзыреттіліктерді, зияткерлік және академиялық дағдыларды дамытатын кәсіби қызметке дайындау үшін ББ компоненттерінің болуы.

7. ББ кәсіби және білімдік құзыреттіліктерді алуға бағытталған: жалпы білім, әлеуметтік-этикалық, экономикалық және ұйымдастырушылық-басқарушылық, арнайы және кәсіби құзыреттіліктер, олар магистранттарда өзгерістер мен белгісіздіктердің өсу серпінділігі жағдайында әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдерді, географиялық және әлеуметтік ұтқырлықты ауыстырудың дайындығын дамытады.

8. Пәндердің логикалық реттілігі және оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларында негізгі талаптардың көрсетілуі.

ББ-дағы Модульдер/пәндердің бірізділігі қисынды негізделген, пәндердің оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларында білім беру мазмұнының үздіксіздігін, сабақтастығын, қол жетімділігін және реттілігін қамтамасыз ету принциптері іске асырылады.

9. ББ-да магистранттар мен оқытушылардың оқу жүктемесін есепке алу жүйесінің кредитпен көрсетілуі, оның оқытудың кредиттік жүйесінің параметрлеріне сәйкестігі.

ББ-да білім беру бағдарламасының модульдері бөлінісінде және модульдің құрылымын сипаттайтын формулярда игерілген кредиттердің көлемін көрсететін жиынтық кестені қалыптастыру арқылы магистранттар мен оқытушылардың оқу жүктемесін есепке алу жүйесі көрсетілген, оның ішінде оны игеру үшін кредиттер саны.

10. Оқу жүктемесінде берілген теориялық материалды бекіту үшін кәсіби практика - педагогикалық және зерттеу бағдарламаларында болуы.

Онда ББ магистранттары үшін кәсіптік практикалардың максаттары, міндеттері мен нәтижелері көрсетілген, кредиттердегі оқу жүктемесі білім беру бағдарламасының модульдері бөлінісінде практиканың игерілген кредиттерінің көлемін көрсететін жиынтық кестеде келтірілген.

11. ББ игеру нәтижесінде алынатын біліктілік

ББ игеру нәтижесінде алынатын біліктілік – ББ 7M07510-«Стандарттау және сертификаттау» (салалар бойынша) бойынша техника ғылымдарының магистрі.

Сараптау комиссиясының төрағасы:


т.ғ.к., доцент



Абзалова Д.А.

Сараптау комиссиясының мүшелері:

т.ғ.д., профессор



Печерский В.Н.

т.ғ.к., доцент



Жантасов М.К.

PhD доктор, доцент



Калдыбаева Б.М.